

Сын есімдердің мағыналық топтары

Сын есімдер лексика-морфологиялық сипаты бойынша сапалық және қатыстық сын есім болып екіге бөлінеді. Сын есімдердің сапалық және қатыстық деп бөлуде олардың семантикасы мен грамматикалық ерекшеліктері басшылыққа алынады.

Сапалық сын есімдер мен қатыстық сын есімдер бір-бірінен білдіретін тұрпат және мазмұн межесі жағынан ажыратылады. Мазмұн межесі – олардың білдіретін мағынасы, тұрпат межесі – жасалу жолы.

Мазмұн межесі тұрғысынан сапалық сын есімдер заттың түрлі дәрежедегі сапасын, қасиетін тікелей, ал қатыстық сын есімдер екінші затқа, қимыл-әрекетке қатысты білдіреді. Тұрпат межесі тұрғысынан сапалық сын есімдер көбінесе түбір сөздер болып келсе, қатыстық сын есімдер екінші бір затқа, құбылыс, әрекетке қатысты анықталатындықтан, қосымша жалғану арқылы жасалып, туынды сын есімдер болып келеді.

Сапалық сын есім мен қатыстық сын есімнің мағыналық құрылымына талдау жасаған зерттеуші Г.О.Сыздық оларға семалық талдау жүргізгенде, сапалық сын есімдерде қатыстық сын есімдерде бар бір семалық элементінің кем болатынын, яғни «иелік» семаның байқалмайтынын айтады. Сондықтан да зерттеушілер сапалық сын есімдер сынды тікелей, қатыстық сын есімдер екінші сөзге қатысты, сонымен байланысып білдіреді деп тұжырымдайды.

Қатыстық сын есімдердің тілдің даму процесінде сапалық сын есімдердің қатарына өтуі заңды құбылыс. Алайда сапалық сын есімдер қатарына өткен қатыстық сындардың бойында болатын сынды екінші нәрсеге қатысы арқылы анықтау мәні сақталып қалады. Мысалы, ақылды, мейірімді сөздері о баста ақылы бар, мейірімі бар деген ұғымда қатыстық, иелік мәнді білдіріп, қатыстық сын есім жасаған. Алайда тілдік даму барысында адамға тән қасиетті білдіріп, сапалық сын есімге көшкен. Бұл сөздердің сапалық сын есімдерге тән шырай жұрнақтарымен түрлене алуы бұл сөздердің сапалық сын есімдерге өткендігін көрсетеді. Мысалы, ақылдылау, мейірімдірек, өте ақылды, өте мейірімді т.б. Бірақ жоғарыда атап көрсеткеніміздей, бұл сапа мәнді сөздердің мағыналық құрамында қатыстық сын есімдерге тән «иелік» сема сақталып қалған.

Қатыстық сын есімдердің мағынасы көлемі (семдік құрамы) жағынан сапалық сындарға қарағанда кең болып келеді. Өйткені туынды сөздердің мағынасына түбір морфема мағынасының ықпалы болады. Мысалы, «Балалы үй базар» дегендегі «бала» сөзінің мағыналық құрылымында мынадай семалар бар:

- 1) бала семасы;
- 2) бар деген сема;
- 3) бағымды мағына семасы;
- 4) нақтылы екендігі;
- 5) бірден артық деген сема.

Сапалық сын есімдердің мағыналық құрылымында көбінесе эмоция, баға семасы болады.

Сапалық сын есімдер мен қатыстық сын есімдерді ажыратудың екі критерийі бар. Бірі – олардың мағыналық құрылымындағы денотаттық мағынаның сақталуы мен сақталмауы, екіншісі – шырай жұрнақтарымен түрлену/ түрленбеуі.

Сапалық сын есімдердің мағыналық құрылымында нақтылы денотат болмайды, идеалды денотат (сигнификат) болады. Ал қатыстық сын есімдерде нақтылы денотаттың қатысы болады. Қатыстық сын есімдердің мағыналық құрылымынан нақтылы денотаттық мағына жойылғанда, ол сын есімдер идеалды денотатқа айналып, сапалық сын есімдерге өтеді. Мұндай сапаға өткен қатыстық сын есімдер шырай жұрнақтарымен түрленеді. Олай болса, сын есімдерді сапалық және қатыстық деп бөлу ең алдымен олардың мазмұн межесі – білдіретін мағынасы (денотат пен сигнификаттық мағынасына) мен тұрпат межесіне байланысты айқындалады.